

Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Есіл қаласы, агротехникалық колледжі» МКҚК-да мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазақстанда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы мемлекеттік органдарға кезектерді азайтуға, құжаттарды беруді және мемлекеттік қызметтерді алуды жеңілдетуге және жеделдетуге мүмкіндік берді. Бұл әсіресе КВИ-ның таралуының қазіргі жағдайында байқалады.

Есіл қаласының агротехникалық колледжі келесі мемлекеттік қызметтерді ұсынады:

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну;
- Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру;
- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру;
- Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау;
- Техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау.

Мемлекеттік қызметтерді алу үшін Халыққа қызмет көрсету орталығына немесе тікелей оқу орнына жүгінуге болады.

Аталған қызметтердің барлығын ақпараттық жүйе арқылы алуға болатынын атап өту маңызды <https://college.snation.kz/>. Ақпараттық жүйе арқылы өтінім беру қиын емес: өтініш беруші көрсеткен телефон нөмірі бойынша смс-пароль алып, тіркеуден өту, жеке аккаунт ашу, профайл толтыру, қажетті мемлекеттік қызметті таңдау, өтінім қосу, егер бұл қызмет көрсету стандарты бойынша талап етілетін болса, қажетті құжаттарды тіркеу қажет.

Бұдан басқа, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау», «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау», «Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» сияқты көрсетілетін қызметтерді электрондық үкіметтің веб-порталы арқылы алуға болады. www.egov.kz.

2020 жылы Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Есіл қ. агротехникалық колледжі» МКҚК 201 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 14;

көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық түрде college.snation.kz) - 114;

тікелей оқу орны арқылы қағаз түрінде-73 қызмет.

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетуге екі өтініш бойынша аталған мамандықтар бойынша колледжде даярлықтың болмауына байланысты өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту жіберілді.

Дәстүрлі түрде сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» (92 қызмет) және «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру» (91 қызмет) болып табылады.

Колледж көрсеткен мемлекеттік қызметтердің сапасына және мерзімдерінің бұзылуына шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша жұмыстар тұрақты бақылауда.

Колледждің интернет-ресурсында Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттерін орналастыру арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы халықты ақпараттандыру бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілуде. Колледж көрсететін мемлекеттік қызметтер бойынша ақпаратты 41-2-43, 41-0-62 телефондары арқылы алуға болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында агротехникалық колледжде мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған түсіндіру іс-шаралары жүргізіледі. Оқу орнында мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалар құзыреттілікті өзектендіру мақсатында оқыту семинарынан өтті.

2021 жылы Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы "Есіл қаласының агротехникалық колледжі" ҚМК азаматтарды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.